

Бағиева Ш.М.

*Халықаралық Бизнес Академиясы, аға оқытушы,
педагогика магистрі, Алматы қ.*

Қазақ тілін кәсіби бағытта оқытуда мәтіндерді іріктеу жолдары

Бүгінде елімізде жүргізіліп отырған тіл саясатына сәйкес, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда білімгерлерді өз мамандығына бағыттап оқыту, өз саласында қазақ тілінде қарым-қатынасқа түсе алуға үйрету аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Осыған орай, қазақ тілін мамандыққа сай, кәсіби бағытта оқытуда мәтінмен жұмысты дұрыс жолға қоюдың маңызы зор.

Мәтін – тіл білімінің текстология деген арнайы саласының зерттеу нысаны. Мәтінді тіл білімі тұрғысынан қарастырған ғалымдар – И.Р. Гальперин, Н.Д. Зарубина, И.А. Новиков және т.б.

Ф. Оразбаева мәтінге қатысымдық тұрғыдан былай анықтама береді: «Мәтін – ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» [1, 26].

Мәтін сөйлесім әрекетінің барлық түрін қамтиды. Яғни мәтінді оқу немесе аудио таспадан тыңдату арқылы тыңдалым, мәтін бойынша сұқбат құрастырып тілдесім, сондай-ақ мәтін бойынша оқушыларға өз ойын немесе мазмұндама жаздыру арқылы жазылым жүзеге асырылады.

Ғалымдар мәтінді «тілдік бірліктердің базасы» дейді. Себебі тілдік бірліктердің барлығын мәтін ішінен табуға болады. Бұл жайында Р. Шаханова: «Тілдік тұлғалар бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретіні анық. Мысалы, дыбыс сөз ішінде, сөз сөз тіркесі ішінде, сөз тіркесі сөйлем ішінде, ал сөйлем мәтін ішінде қолданылады. Бұл байланыс тілді оқыту кезінде үнемі ескеріліп отырады. Сондықтан дыбыс өзінше, лексика бір бөлек деген сипатта тіл оқытылмайды. Тілдік тұлғалардың байланысы оқытуда да сақталады. Оның анық көрсеткіші – мәтін. Мәтін арқылы тілдік көрсеткіштерді өз қызметінде, тілдегі өз орнында көрсетіп, олардың қолданысының үлгісін меңгертуге болады» [2, 7].

Яғни мәтін оқушының тіл білімі бойынша алған білімін бекітіп, дәлірек айтқанда, әрбір тілдік тұлғаның қатысымдық қолданысқа қалай түсетінімен таныстырып, меңгертеді. Суденттің әрі қарай сөйлесім әрекетінде тілдік тұлғаларды орны-орнымен дұрыс қолдануына мүмкіндік жасап, үлгі қызметін атқарады.

Жалпы әдістеме саласында мәтін мәселесін қарастырған ғалымдар А.В. Текучев, Т.А. Ладыженская, Н.М. Шанский және т.б. Ал қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша бұл мәселемен айналысқан әдіскер ғалымдар С. Рахметова, А. Жапбаров, Т. Әбдікәрімова, Ж. Адамбаева, А. Күзембаева, Р. Шаханова.

С. Рахметова мәтінмен жұмысты тіл үйренушінің мәтінді қабылдау әрекетімен байланысты зерттейді де, мынадай жұмыс түрлерін ұсынады: мәтінді тіл үйренуші дұрыс қабылдау үшін алдымен оны психологиялық жағынан дайындау керек; мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу; шығарманы оқу; әңгіменің жоспарын жазу; оқыған шығарманың мазмұнын айту; шығарманың мазмұны бойынша шығармашылық жұмыстар.

Т. Әбдікәрімова мәтінмен байланысты жүргізілетін жұмыстың түрлерімен бірге тәрбие мәселесін де байланыстыра қараған. Сондықтан да ғалым мәтінді таңдауға мән берген. Мәтінмен жүргізілетін жұмыстың 7 түрін көрсеткен.

Ж. Адамбаева мәтінді тіл дамытумен байланысты қарастырып, сабақтың мақсатына қарай әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы меңгертілетінін көрсеткен. Мәтінді меңгертуде оқушыларға мынадай талаптар қойған: а) мәтінде айтылатын ең басты ойды меңгеру, ә) мәтін мазмұнын жүйелі түрде айтып беруге дағдылану, б) мәтін мазмұнын толық түсіну [3, 6].

Көріп отырғанымыздай, жоғарыдағы әдіскер ғалымдардың қарастыруында мәтін – «ақпарат алудың мағыналық бүтіндігі мен байланысының бірлігі». Ал студенттерге қазақ тілін өз мамандығына бағыттай оқытуда ақпарат алу болып қана қоймайды, сонымен қатар оларды тілдік тұлғалардың қатысымдық қолданысын қалыптастыруға машықтандырады, яғни шынайы өмірлік жағдаяттарға түсуге дайындайды, екіншіден, мәтін бойынша ой қорытуға, шешім қабылдауға, пікір алысуға үйренеді, сөйтіп студенттер тілдік ортада шынайы өмірдегідей өздерін еркін ұстап, тілдік кедергілерден арылады.

Р. Шаханова мәтінді таңдауда қойылатын талаптарды үш топқа бөлген: мәтіннің лингвистикалық мақсатқа сәйкес болуы; мазмұнының танымдық педагогикалық ұстанымға сәйкес келуі; әдістемелік нысанаға сай болуы [2, 8].

Интерактивті оқытуда да мәтінге айырық-

ша мән беріліп, мәтін таңдауда дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады. Мәселен, дидактиканың «жеңілден -ауырға» ұстанымы бойынша мәтіндерді беруде олардың көлемінің тым үлкен, мазмұнының түсінуге ауыр болмауы назардан тыс қалмауы қажет. Мәтін көлемі мен мазмұны біртіндеп күрделендіріліп отыруы тиіс. Мәтінде берілетін тілдік тұлғалар да осы заңдылықтарды сақтауы қажет. Олай болмаған жағдайда оқытушы үлкен қателіктерге ұрынады. Тіл үйренушілер тілдік кедергілерге тап болады, қызығушылықтары кеміп, өзара әрекетке түсуге деген белсенділігі төмендейді.

Мәтінмен жұмыста жүйелілік принципі де ерекше орын алады. Бұл ұстаным бойынша алдыңғы мәтіндерде кездескен сөздер мен тілдік тұлғалардың кейінгілерде де қайталанып отыруы студенттердің тілді меңгеруін жеңілдетеді, өтілген материалдарды естеріне салып, қайталап отыруларына мүмкіндік береді.

Мәтін таңдауда ескерілетін ұстанымның бірі – мәтіннің өзектілігі. Таңдалатын мәтіндер тіл үйренушілер үшін жаңа ақпарат беретіндей қызық болуы шарт. Мәтін таңдауда міндетті түрде тіл үйренушілердің жас ерекшелігі, әлеуметтік жағдайы, соған сәйкес қызығушылықтары мен танымы есепке алынуы қажет. Тіл үйренушілердің танымына жат, қызығушылығын ояпайтын мәтіндер шығармашылықпен жұмыс жасауға негіз бола алмайды.

Теорияны практикамен, яғни оқытуды өмірмен байланыстыру принципінің де маңызы ерекше. Мәтін мазмұнының шынайы өмірге жақын, тіпті өмірден алынған жағдаяттардан құралуы тіл үйренушілердің қызығушылығы мен белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың өмірде кездесетін түрлі жағдайларға дайын болуын қамтамасыз етеді, яғни өмірлік дағды қалыптастырады.

Бүгінде жалпы екінші тілді оқытуда болсын, шет тілдерін оқытуда болсын аутентикалық мәтіндерді пайдалану үдерісі кең етек жаюда. Әсіресе шетел тілдерінің оқулықтарына, аудио, бейне материалдарына аутентикалық мәтіндер, сұқбаттар көптеп ендірілуде. Әдіскер ғалымдардың көрсетуінше, өзге тілді оқытуда аутентикалық мәтіндерді қолдану тілді шынайы өмірдегі қалпында қабылдап, табиғи жолмен үйренуге жақындатады. Яғни тіл үйренушілердің тілдесімі мен шынайы тілдік ортадағы тілдесімнің айырмашылығы азаяды. Сөйтіп тіл үйренушілер осы күнге дейін орын алып келген жасанды тілге жаттығудан арылып, нағыз тілдің дәмін татады.

Ойымызды өрбітпес бұрын, «аутентикалық мәтін» ұғымына түсінік беріп кетейік. «Аутентикалық» («аутентичный») - грек сөзі. С.М. Локшинаның шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде («Краткий словарь иностранных слов») бұл сөз-

ге мынадай түсінік берілген: «аутентичный [*гр. authentikos*достоверным образом] – соответствующий подлиннику, действительный; основанный на первоисточнике» [4, 69]. Қазақша аудармасы – «түпнұсқаға жақын», «нағыз», «шынайы» дегенді білдіреді, сөйтіп «аутентикалық мәтін» дегеніміз «шынайы мәтін» болып шығады.

Кейінгі жылдары әдіскер ғалымдар «аутентикалық мәтін» ұғымына жиі тоқталып жүр. Солардың бірі – Әсипат Әлметова. Ғалым бұл ұғымға мынадай анықтама берген:

Аутентикалық мәтін – тілін үйреніп жатқан халықтың күнделікті тілдік қатынаста пайдаланып жүрген, күнделікті тілдесімдегі шынайы жағдаяттар көрінісін беретін табиғи сөйлеу тілінің үлгісі болып саналатын мәтін [5, 339].

Сонымен аутентикалық мәтіндерге нені жатқызамыз? Аутентикалық мәтіндерге өзіміз күнделікті өмірде өз қажеттілігімізге сай оқып, танысып жүрген мәтіндер жатады. Ол газет, журнал мақаласы, ол белгілі бір автордың шығармасы, ол хабарландыру немесе жарнама, ол рецепт немесе дастарқан мәзірі болуы да мүмкін.

Жалпы мәтін мәселесі сөйлесім әрекетінің ішінде оқылыммен тығыз байланысты. Оқылым – сөйлеу әрекетінің жазбаша өнімді түрі болып есептеледі. Нәтижесінде біз өзімізге қажетті ақпаратты аламыз. Адамдардың эмоциясын көреміз немесе авторлық позицияны білеміз. Оқылымға үйрету мақсаты – жазбаша сөйлеу кезіндегі мағыналық байланыстарды ашу. Оқып үйрену үшін белгілі бір дағдылар мен машықтарды меңгеру керек. Оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады.

1. Техникалық жақтарды қамтамасыз ететін дағдылар мен машықтар (графикалық белгілерді қабылдау, олардың белгілі бір мағынамен арақатынасы).
2. Мәтіннің мағынасын қабылдауға мүмкіндік беретін дағдылар мен машықтар.

Мәтінді түсінудің екі деңгейін айыруға болады: мән-мазмұнының деңгейі (ақпарат алу) және мағыналық деңгейі (автордың ойын түсіну, оқырманның оған бағасы мен қарым-қатынасы) [6, 70].

Мәтін мағынасын түсінуге байланысты Ә. Әлметова мынадай қызықты мәліметтер береді: «... үйреніп жатқан тіл халқымен күнделікті тұрмыс тақырыбында тілдесу үшін кез келген тілді үйренуші 1000-1500 сөз білуі керек екен. Ал ести отырып түсіну үшін үйренушінің сөздік қорында кем дегенде 6000 сөз болуы қажет» [6, 4].

Керіп отырғанымыздай, оқытуда аутентикалық мәтіндерді қолдану үшін алдымен тіл үйренушілердің сөздік қорының ауқымын, яғни

тіл үйренушілердің білім деңгейлерін білудің маңызы зор. Аутентикалық мәтіндермен толыққанды жұмыс жүргізу үшін тіл үйренушілердің белгілі бір деңгейде тілді меңгерулері, сөздік қорларының болуы шарт. Олай болмаған жағдайда жұмыс нәжіже бермейді.

Аутентикалық мәтіндерді оқуға үйрету үшін төмендегі мәселелер ескерілуі абзал:

1. Бағдарламалық мәтіндермен бірге аутентикалық мәтіндер ұсыну керек;
2. Мәтінге тапсырма жазуға немесе тапсырмаға қарап мәтін құрастыруға дағдыландыру қажет;
3. Мәтіннің қиындығын әр түрлі көзқарас бойынша бағалай білуге үйрету керек:
 - а) синтаксистік және стилистикалық күрделі мәтіндер ұсыну керек;
 - ә) тақырыптың тартымдылығын ескеру керек;
 - б) жанрына қарай деңгейге бөлу қажет;
4. Оқылымның стратегиясы мен тактикасына жаттығу беру керек;
5. Мәтіндегі логикалық байланысқа талдау болатындай жаттығулар ұсыну қажет;
6. Оқылым кезінде міндетті түрде алдыңызға мақсат қойыңыз (ақпарат алу, дәйексөз табу, салыстыру т.б.) [6, 77].

Кез келген мәтінмен жүргізілетін жұмыстар сияқты аутентикалық мәтіндермен жүргізілетін жұмыстар да үш кезеңнен тұрады:

1. мәтінге дейінгі кезең (сұқбатты тыңдағанға не оқығанға дейінгі);
2. мәтінмен танысу үстіндегі кезең (сұқбат мәтінін тыңдау кезіндегі немесе сұқбат мәтінін оқу үстіндегі кезең);
3. мәтіннен кейінгі кезең (сұқбатты тыңдағаннан немесе оқығаннан кейінгі кезең).

А. Мәтін алдындағы жаттығулар

1. Тақырыбына қараңыз. Әңгіме не туралы деп ойлайсыз?
2. Егер әңгіме отбасы туралы болса, қандай мәселелер талқылануы мүмкін?
3. Бұл тақырыпқа қандай сөздер тән?
4. Өздерінің оқығыларыңыз келетін мәтіннің тақырыбына қарап, мазмұнына болжам жасаңыздар.
5. Мәтінді не үшін оқимыз? Мақсатын оқу түрі айқындайды: қарап оқу, танысып оқу, таңдап оқу, ынтамен талдай оқу.
6. Лексико-грамматикалық қиындықтарды жеңуге арналған жаттығулар.

Ә. Мәтінді қолға алғаннан кейінгі жаттығулар

1. Кесте толтырыңыздар (бір не бірнеше мәтін бойынша ақпарат беру).
2. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу.
3. Белгілі бір мәселе жөнінде ақпарат бар

ма, жоқ па?

4. Сұрақтарға жауап табыңыздар.
5. «Шын - жалған», «Дұрыс - бұрыс» немесе «дұрыс - дұрыс емес».
6. Мақалада әңгіме не туралы екенін айқындаңыздар.
7. Әрбір сөз не туралы екенін айқындаңыздар.
8. Мәтін неге бұлай аталғанын табыңыздар.
9. Мәтінде сіз үшін жаңа ақпарат бар ма?

Б.1. Мәтінді оқу кезіндегі және мәтіннен кейінгі құрылымдық тапсырмалар.

1. Мәтіннің мағынасына тірек болып тұрған сөзді не сөйлемді табыңыздар.
2. Зат есімнен пайда болған сын есімдерді табыңыздар.
3. Сіз сөздің бөлігін білесіз, ал бүкіл сөз нені білдіреді?
4. Бір түбірден тараған сөздерді табыңыздар.
5. Баламасы бар сөздерді табыңыздар.
6. Мәтінге сұрақ қойыңыздар.
7. Мәтінді бір сөйлемге айналдырыңыздар.
8. Мәтіндегі бір фразаны алып, кеңейтіңіздер.

Сөйлемдерге трансформация жасаңыздар. Сөздерді синонимдерімен алмастырыңыздар.

Б.2. Мәтіннен кейінгі қарым-қатынастық тапсырмалар

1. Өтініш, арыз немесе оларға жауап жазыңыздар.
2. Телефон арқылы сөйлесіңіздер.
3. Мақала авторынан интервью алыңыздар.
4. Жаңа тақырып жазыңыздар.
5. Мәтінді бөліктерге бөліп, ат қойыңыздар.
6. Бір-бірлеріңізге тапқан ақпараттарыңызды түсіндіріңіздер.
7. Бір, екі сөйлеммен мәтіннің қысқаша мазмұнын жазыңыз. Аннотация, анықтама жазыңыздар.
8. Мәтінге жарнама жазыңыздар (сыни талдау т.б.) [6, 79].

Алайда сабақты шынайы өмірдегідей етіп өткізудің қиын екенін әдіскер ғалымдар да мойындайды. Сондықтан аутентикалық мәтіндерді меңгертудің тиімді жолдарын қарастыру – әрбір оқытушының міндеті. Ол үшін әрбір өзге тілді оқытатын оқытушы аутентикалық мәтіндермен жұмысты дұрыс ұйымдастырып, әрбір кезеңде жүргізілетін жаттығуларды анықтап алуы қажет. Әсіресе мәтінге дейінгі тапсырмалар мен жаттығуларды дұрыс ұйымдастырудың берері мол. Себебі мәтінді ұсынуға дейінгі кезеңде оны талқылай отырып, біз оны тыңдатуды жеңілдетеміз. Бір жағынан, студенттер дәл осы сұхбат туралы өздерінде белгілі бір білім бар екенін байқаған кезде өздерін сенімді сезіне бастайды, екінші

жағынан өздеріне бейтаныс нәрсемен танысу олардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттырады.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ тілін студенттердің мамандығына бағыттай оқытуда аутентикалық мәтіндерді қарқынды қолдану оң

нәтижелер бермек. Қазақ тілі оқулықтары мен оқу құралдарының авторлары да аутентикалық мәтіндердің маңызын ескеріп, өз еңбектерінде барынша мол ендірісе, бұл да екінші тілді оқыту мәселесін жеңілдетіп, бұл істі алға жылжытар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф. Тілдік қатыныас: теориясы және әдістемесі. /Оқу құралы/, Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000 ж., -208 б.
2. Шаханова Р. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда мәтіндерді қолдану әдістемесі // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының Хабаршысы. №5 2006.
3. Адамбаева Ж. Орыс мектебінің 4-8 кластарында қазақ тілін оқыту. Алматы: Мектеп, 1984. -58 б.
4. Локшина С.М. Краткий словарь иностранных слов. М.: Рус. яз., 1988. -632 с.
5. Әлметова Ә.С. Қазақ тілі сабағында оқушылардың сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО I курс шетел тілі мамандығы үшін) : пед. ғыл. докт. дисс. Алматы, 2007. -345 б.
6. Әлметова Ә.Сөйлеу әрекетінің түрлеріне оқыту. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. -114 б.